



елімізге көп беру үшін ынтамен еңбек етті. Кейін шахта бастығы Социалистік Еңбек Ері Түсіп Күзембаев көп адам жиналған митингіде былай деді: «Біздің әрқайсымыз өз орнымызда тиянақты еңбек етіп, көмірді бұрынғыдан көп беруге тиіспіз. Егер керек болса біздер кез келген минутта қолымызға қару алып майданға баруға әзірміз».

1941 жылғы 25 маусымда болған Қарағанды партия активінің жиналысы бассейнің



Қарағанды облысы

соғыс жылдарында

нормадағыдан жарты килограмм үнемдеуге міндеттенді. ВЛКСМ Орталық Комитеті бұл бастаманы мақұлдап, оны барлық жерде кенінен талқылауды ұсынды. Сөйтіп, Қазақстанда осы патриоттық бастама бойынша

Қазақстандықтардың қажырлы еңбегі майданға барынша көмектесуге, Совет мемлекетінің қорғаныс қуатын нығайтуға бағытталды. Қазақстанның, соның ішінде Қарағанды облысының өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы қарулы күштерімізді қару-жарақпен, азық-түлікпен қамтамасыз етуде аса көрнекті роль атқарды.

Жағдайдың қиындығына қарамастан өнеркәсіпті соғыс жағдайына бейімдеп көшіру соғыс басталғаннан кейінгі үш-төрт айдың ішінде ойдағыдай аяқталды. Соғыс кезінде Ворошиловградтан Қарағандыға көшірілген Пархоменко атындағы завод коллективі жоғары ұйымшылдық пен қажырлы еңбектің үлгісін көрсетті. Шахтерлер қаласы жұмысшылардың белсенді көмегімен бұл өндіріс алыбын қалпына келтіру небары бір айдың ішінде тәмам болды.

Соғыс жағдайында елімізді және майданды отынмен жабдықтауда Қарағанды көмір бассейні маңызды роль атқарды. 1940 жылдың өзінде мұнда 6 миллион 460 мың тонна көмір өндірілген. Бассейн сол кезде Орал металлургиясының коксты көмір жөніндегі қажетінің 23 пайызын қамтамасыз еткен және Орта Азия мен Қазақстанның өнеркәсіп кәсіпорындарын отынмен жабдықтап тұрған еді. Ұлы Отан соғысының бас кезінде Қарағанды көмір тресі жылдық өндірістік жалпы қуаты 10 миллион 0,45 мың тонна көмір беретін 22 шахтаны біріктірген еді.

Соғыстың алғашқы кезеңінде мұнда Донбастан жабдықтау тиелген эшелондар, Қарағанды бассейніне көмекке Украина шахтерлері келді. Қазақстан үкіметі барлық еңбекшілерге үндеу таратып, мұнда «Қарағанды көмірін өндіруді ұлғайту — бүкіл республиканың ісі» деп көрсетті. Осы үндеуге жауап ретінде республиканың ең қарт шахтері забойшы пенсионер Б.Сикымбаев 1941 жылғы 24 маусымда шахтаға түсіп былай деді: «Мен қартайсам да майдан үшін тынбастан еңбек етуге барлық күшімді жұмсаймын, көмірді еселеген жігермен өндіремін».

Майданға кеткен әртүрлі мамандықтағы шахтерлердің орнына олардың әйелдері, қарындастары, қыздары — мындаған адамдар шахтаға келіп жұмысқа түсті. Солардың бәрі өз еңбегімен жауды талқандауға көмектесу — көмірді барынша

барлық кеншілерінің еркін білдіре келіп, коммунистерді, комсомолецтерді, еңбекшілер бұқарасының көмір өндіруді арттыру жолындағы күресіне белсене басшылық етуге, жауды талқандау үшін халықтың күшін жұмылдыруға шақырды.


Қарағанды активінің 1941 жылғы тамызда болған екінші жиналысы, бүкіл еліміздегідей, бассейн еңбекшілері де фашистік басқыншыларды талқандау үшін майданға көмектесуге бір кісідей жұмылғанын атап көрсетті.

Партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдары қарағандылықтардың патриоттық өрлеуін әртүрлі формадағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге пайдаланды.

Бүкіл саяси жұмыс «Бәрі де майдан үшін!», «Бәрі де жауды талқандау үшін!» деген ұранмен жүргізілді. Шахталарда тамаша патриоттық қозғалыстар өрістетілді. «Өзің үшін және майданға кеткен жолдасың үшін жұмыс істе!». Міне, жігіттер мен қыздардың сол кездегі жауынгерлік ұраны осы болды.

Бассейндегі №31 шахтада Кругликовтың проходкашылар бригадасы бассейні тарихында бұрын болып көрмеген рекорд жасады: бригада 1941 жылғы шілдеде 149 метр проходка қазды және 15 метр штректі қалпына келтірді. №20 шахтаның кен машинистері Григорий Степанов пен Григорий Кухта, олардың көмекшілері Константин Кормильцев пен Николай Ветров төртеуі 20 кісінің жұмысын істеуге, күн нормасын 480-500 пайыз орындауға сөз беріп, айтқан уәдесінде тұрды. Руда жөндеу цехының әрбір комсомолецтері тапсырманы күн сайын 250-300 пайыздан орындады, Киров атындағы шахтаның 200 комсомолеші екі жүзшілер қатарына қосылды.

1941 жылдың жазында Орал, Горький, Москва, Ленинград заводтарында пайда болып, кейіннен еліміздің барлық кәсіпорындарына тараған комсомол жастардың өндірістік бригадасы социалистік жарысқа қатысудың бұқаралық формасы болды. Жастар байырғы тәжірибелі шахтерлерден техникалық дағдыны, еңбекке творчестволықпен қарауды, ұйымшылдықты үйренді. Бригадалар



жоғары еңбек өнімділігінің, жұмысшы-жастарға өндірістік және саяси тәрбие берудің мектебі болды. 1942 жылдың аяғында Қарағанды шахталарында 16 комсомол-жастар бригадасы жұмыс істесе, олардың саны 1943 жылы 1 тамызда 54-ке дейін көбейді.

1942 жылғы қыркүйекте Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті әсіресе кокстелетін көмір өндіру, ұлғайту жөніндегі шұғыл шаралар туралы қаулы алды. Мұның өзі бассейнің көмір кәсіпорындарында шаруашылыққа басшылықты түбегейлі жақсартуға және шахтерлер арасындағы саяси жұмысты күшейтуге пәрменді ықпал жасады.

Республиканың 17 Халық комиссариаты мен басшы органдары Қарағандыға қажетті көмек көрсету жөнінде тапсырмалар алды. Бассейнге инженерлер мен техникалық жұмысшы күші, жабдықтар, қосалқы материалдар, транспорт құралдары жіберілді. Шахтерлерге мәдени-тұрмыстық қызмет бригадасы социалистік жарысқа қатысудың бұқаралық формасы болды. Жастар байырғы тәжірибелі шахтерлерден техникалық дағдыны, еңбекке творчестволықпен қарауды, ұйымшылдықты үйренді. Бригадалар

көмектесті. Қарағандының көмірі Оралдағы Магнитогор металлургия комбинатының коксті пайдаланатын пештеріне ғана емес, сонымен бірге Поволжьедегі кәсіпорындарына да және темір жол транспортын қамтамасыз етуге де жөнелтіліп жатты. Қарағанды еліміздің негізгі көмір базасына айналды.

Жауды жеңіп шығуға ауыл шаруашылығының еңбеккерлері тамаша үлес қосты. Объективтік сипаттағы үлкен қиыншылықтарға қарамастан колхозшылардың творчестволық белсенділігі өсті, ауыл шаруашылығында социалистік жарыс өріс алды. Осының айқын бір мысалы Қарағанды облысындағы Литвинов МТС-інде Роман Нежибовскийдің комсомол-жастар агрегаты бригадасының инициативасы болды. Ол егін жинау науқаны алдында барлық механизаторларға үндеу таратып, егін жинау машиналарының жоғары өнімдерін және егінді шығынсыз жинап алуды қамтамасыз ету жөнінде комбайншылардың социалистік жарысын ұйымдастыруға шақырды. Озат комбайншылар бір маусымда өзінің агрегатымен 2300 гектар жердің егінін оруға және әрбір гектарға жұмсалатын жанар-майды

село жастарының қозғалысы жанадан өрістелді.

Қарағанды облысының село еңбеккерлері адам күшінің және материалдық-техникалық базаның аздығына қарамастан мүмкіндіктерді пайдалана отырып, 1942 жылы көктемгі дала жұмыстарын ойдағыдай аяқтау жөніндегі үкіметтің тапсырмасын абыроймен орындады. Село еңбеккерлері Отан аманатын орындай отырып, егінді қысқа мерзім ішінде ысырапсыз жинап алуға белсене кірісті.

1943 жылы ауа райының қолайсыздығына қарамастан көптеген звенолар, озат механизаторлар, облыстың бірқатар колхоздары мен совхоздары егіннен жоғары өнім алды.

Егіннен жоғары өнім алу жөнінде Осакаров ауданының дикандары жақсы нәтижеге жетті. Олар 1944 жылы мемлекетке екі миллион пұт астық, яғни 1940 жылғыдан екі есе көп өнім тапсырды. 1944 жылы егіншілік пен мал шаруашылығында үлкен табысқа жеткені үшін Осакаров ауданына Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің Қызыл Туы тапсырылды. Сөйтіп ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің өндірістік табыстары соғысқа дейінгі дәрежемен салыстырғанда ауыл шаруашылық өнімдерін, астықты, көкөністі, етті, жүнді анағұрлым көп тапсыруға мүмкіндік берді. Осының бәрі майдан мен тыл бірлігінің одан әрі нығаюына қосылған лайықты үлесі болды.

Қорытып айтқанда, кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарында облыс еңбекшілері майданда және тылда бүкіл совет халқымен бірлесіп табандылық пен ерліктің үлесін көрсетті. Ұлы Отан соғысының қатал сынынан абыроймен өтті.

Бұл Отан соғысының жеңіспен аяқталуына 60 жыл толу қарсаңында еске алу, оны мереке ретінде мән беріп өткізу Қазақстан халқының абыройлы ісі деп білеміз. Оның келешек жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуде үлкен маңызы бар.

Ә.ЖҰМАСҰЛТАНОВ,
тарих ғылымдарының докторы.